

## **Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/31 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 наурызда № 10505 тіркелді.

Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 46-15) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2021 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің жетекші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә.Исекешев

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2015 жылы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е.Досаев  
12 ақпан 2015 жылы

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2015 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 7-1/31 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2021 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 46-15) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеуді жүргізу тәртібін, сондай-ақ "Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың саудалық (айырымдық) аты – ветеринариялық препараттың, азықтық қоспалардың дайындаушы немесе жеке және заңды тұлға тіркейтін, затбелгі қоятын және жарнамалайтын аты;

2) ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеу – ветеринария саласындағы уәкілетті органның ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды сараптама, байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарының нәтижелері бойынша ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың мемлекеттік тізіліміне енгізуі және оларға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәліктерін беруі;

3) ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың мемлекеттік тізілімдері (бұдан әрі – Тізілімдер) – ветеринария саласындағы уәкілетті орган шығаратын,

мемлекеттік тіркеуден өткен және Қазақстан Республикасында өндіруге, импорттауға және қолдануға рұқсат етілген ветеринариялық препараттар, азықтық қоспалар туралы мәліметтерді қамтитын тізбелер;

4) ветеринария саласындағы уәкілетті орган – ветеринария саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;

6) жаңа ветеринариялық препарат, азықтық қоспа – үшінші елдерде және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілмейтін және тіркелмеген ветеринариялық препарат, азықтық қоспа;

7) жеке кабинет – пайдаланушының ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды тіркеу рәсімдерін жүзеге асыру, сондай-ақ "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылған автоматты хабарламалар мен ақпаратты алу үшін "электрондық үкімет" веб-порталындағы автоматтандырылған жұмыс орны;

8) жетілдірілген ветеринариялық препарат, азықтық қоспа – бұрын тіркелген, бірақ басқа нысандарда және/немесе жаңа дозада және/немесе негізгі және қосалқы заттардың (компоненттердің) басқа да құрамымен, сондай-ақ олардың қасиеттері мен сапалық сипаттамаларына, оларды пайдаланудың (қолданудың, сақтаудың) өзге де тәсілдеріне әсер еткен өндіріс технологиясы (технологиялары) немесе пайдалану (қолдану, сақтау) көрсеткіштері өзгертіліп өндірілген ветеринариялық препарат, азықтық қоспа;

9) тіркеу куәлігі – ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы ветеринариялық препаратқа, азықтық қоспаларға олардың мемлекеттік тіркелуін растау және ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың мемлекеттік тізіліміне енгізу мақсатында беретін құжат;

10) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе болып табылады.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

"Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне (бұдан әрі – кеңсе) не портал арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеуге арналған өтінішті немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеуге арналған өтінішті жолдайды.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия туралы мәліметтерді (отандық өндірушілер үшін) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініштің көшірмесінде оның қабылданған күнін, уақытын, өтінішті қабылдаған қызметкердің атын, әкесінің атын (бар болса), тегін көрсете отырып, кеңседе тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, "жеке кабинетте" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

5. Кеңсе жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген өтініші және құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты орындаушыны тағайындайтын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, кеңсе жұмыскері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеу:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 7-1/625 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10298 болып тіркелген) бекітілген Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы (бұдан әрі – НТҚ) келісу қағидаларына сәйкес жаңа жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, азықтық қоспаларға арналған келісілген нормативтік-техникалық құжаттама болған кезде;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 7-1/611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10287 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын жүргізу қағидалары) сәйкес жүргізілген ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды байқаудан өткізу немесе тіркеу сынақтарының нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Заңның 11-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес құрылған ұйымдардан жануарлардың анықталған аса қауіпті және экзотикалық аурулары туралы ақпарат болған кезде, Қазақстан Республикасында және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде оларға қарсы тіркелген ветеринариялық препараттар болмаса, осы Қағидаларға сәйкес таралуы эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш анықталған жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу үшін екі жылдан аспайтын мерзімге ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеуге жол беріледі.

7. Жауапты орындаушы өтінішті тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініштен алынған деректерді (мәліметтерді) "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) енгізеді, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жауапты орындаушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін және мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеу туралы шешімді қабылдайды.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен ветеринариялық препараттар мен азықтық қоспалар туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізіліміне және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азықтық қоспаларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Тіркеу куәлігі ақпараттық жүйеде ресімделеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы жеке кабинетке жіберіледі не басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қолы қойылады, мөрмен расталады және кеңсе арқылы қолма-қол беріледі.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өткізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші тіркеу куәлігін бере отырып ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеу туралы не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды бере отырып, ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту ақпараттық жүйеде ресімделеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы жеке кабинетке жіберіледі не басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қолы қойылады, мөрмен расталады және кеңсе арқылы қолма-қол беріледі.

**Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Басқа елдерде жүргізілген ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды тіркеу оларды Тізілімге енгізу үшін негіз болып табылмайды.

10. Қазақстан Республикасында ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды тіркеу сынақтарын жүргізу үшін қажетті көлемде өндіру, әкелу (импорттау) жағдайларын қоспағанда, оларды мемлекеттік тіркегеннен кейін ғана өндіруге, әкелуге (импорттауға), өткізуге және қолдануға (пайдалануға) рұқсат етіледі.

#### 11. Тіркеу куәлігі:

алғаш рет тіркелетін (жаңа, жетілдірілген) ветеринариялық препараттарға, азықтық қоспаларға 5 (бес) жыл мерзімге беріледі. Тіркеу куәлігінің көрсетілген қолданылу мерзімі өткеннен кейін осы Қағидаларға сәйкес оларды қайта мемлекеттік тіркеу рәсімі жүргізілгеннен кейін ветеринариялық препараттарға, азықтық қоспаларға мерзімсіз тіркеу куәлігі беріледі;

таралуы эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында жануарлардың алғаш анықталған аса қауіпті және экзотикалық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге арналған үшін ветеринариялық препараттарға 2 (екі) жылдан аспайтын мерзімге (уақытша тіркеу) беріледі. Ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеудің қолданылу кезеңінде Байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік тіркеуге қажетті ветеринариялық препараттардың тіркеу сынақтарын жүргізіледі.

12. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткен ветеринариялық препараттар мен азықтық қоспалар, басқа елдерде тіркелген және Қазақстан Республикасында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында қолдануға ұсынылатын ветеринариялық препараттар мен азықтық қоспалар Байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарын жүргізу қағидаларына сәйкес тіркеу сынақтарына жатады.

13. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 1-тармағында көзделген жағдайларда, қағаз нысанында берілген тіркеу куәлігінің телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы еркін нысандағы тіркеу куәлігінің телнұсқасын алуға арналған өтінішпен кеңсе арқылы не тіркеу куәлігінің телнұсқасын алуға арналған сұраныммен портал арқылы жүгінеді.

Тіркеу куәлігінің телнұсқасын алуға өтініш (сұраным) келіп түскен кезде жауапты орындаушы өтініш (сұраным) тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған өтінішті (сұранымды) қарайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оң жақ жоғарғы бұрышында "телнұсқа" деген жазуы бар және тіркеу куәлігінің алғашқы берілген күнін көрсете отырып, тіркеу куәлігінің телнұсқасын не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды дайындайды.

14. Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген, дара кәсіпкер қайта тіркелген және (немесе) оның атауы өзгерген, заңды тұлғаның атауы өзгерген және (немесе) заңды тұлға бірігу, қайта құрылу, басқа заңды тұлғаға қосылу, бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өзгерістер туындаған сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу куәлігін қайта ресімдеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде кеңсеге не порталға осы

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу куәлігін қайта ресімдеуге арналған өтінішті және Тізбеде көрсетілген құжаттарды жолдайды.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Жауапты орындаушы ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу куәлігін қайта ресімдеуге арналған құжаттарды тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің толықтығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жауапты орындаушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін қайта ресімдейді және мәліметтерді Тізілімдерге енгізеді, сондай-ақ ақпаратты ветеринария саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады.

Бұл ретте ветеринариялық препаратты, азықтық қоспаны мемлекеттік тіркеудің қолданылу мерзімі және тіркеу куәлігінің нөмірі сақталады.

Көрсетілетін қызметті алушының тіркеу куәлігін қайта ресімдеуге арналған құжаттарын қарау кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болса, онда көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 7-1- тармағына сәйкес әрекет жасайды.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 18-02/158 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7646 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттар, жемшөп қоспалары қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ветеринариялық препараттар, азықтық қоспалар қауіпсіздігінің мониторингі жүзеге асырылады.

17. Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.



### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

18. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, ветеринария саласындағы уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымын:

көрсетілетін қызметті беруші, ветеринария саласындағы уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

20. Көрсетілетін қызметті беруші, ветеринария саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарауға өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

21. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ветеринариялық препараттарды,  
жемшөп қоспаларды  
мемлекеттік  
тіркеуді жүргізу қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан/Форма  
Беткі жағы/Лицевая сторона

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Тіркеу куәлігінің № \_\_\_\_\_**

Осы куәлік \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы

№ 7-1/31 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 10505 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп Қоспаларын мемлекеттік тіркеуді үргізу қағидаларына сәйкес \_\_\_\_\_

(ветеринариялық препараттың, азықтық қоспаның саудадағы атауы)

\_\_\_\_\_ нысанындағы ( ветеринариялық препараттың, азықтық қоспалардың дәрілік нысанын көрсету)

\_\_\_\_\_ қолданылатын (қолдану аясын көрсету)

\_\_\_\_\_ өндірілген (өндірушінің атауы, мекенжайы)

ветеринариялық препарат, азықтық қоспа Қазақстан Республикасында 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ болып тіркелгені туралы және (тіркеу күні) (тіркеу нөмірі)

мынадай мерзімге \_\_\_\_\_

(20 \_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_ дейін 2 (екі) жыл немесе

\_\_\_\_\_ берілді.

20 \_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_ дейін 5 (бес) жыл немесе мерзімсіз)

Бұл тіркеу куәлігі ветеринариялық препараттар мен азықтық қоспалардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжат болып табылмайды.

\_\_\_\_\_  
(Басшы) (қолы) (қол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)  
Мөрдiң орны

Сырт жағы/Оборотная сторона

**Комитет ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан Регистрационное удостоверение № \_\_\_\_\_**

Выдано настоящее регистрационное удостоверение \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(наименование юридического лица, фамилия, имя, отчество (при его наличии)  
физического

лица, подающего заявление на регистрационное удостоверение) в том, что  
ветеринарный

препарат, кормовая добавка в соответствии с Правилами проведения  
государственной

регистрации ветеринарных препаратов, кормовых добавок, утвержденными  
приказом

Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 23 января 2015 года № 7-1/  
31

(зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых  
актов

№ 10505) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(общепринятое торговое наименование ветеринарного препарата, кормовой добавки  
)

в форме \_\_\_\_\_

(указать лекарственную форму ветеринарного препарата, кормовой добавки)

предназначенный \_\_\_\_\_

(указать сферу применения)

производитель \_\_\_\_\_

(наименование и адрес производителя)

зарегистрирован в Республике Казахстан за № \_\_\_\_\_

(номер регистрации)

от "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ года и выдано со сроком действия: \_\_\_\_\_

(дата регистрации)

(указать: 2 (два))

\_\_\_\_\_  
года до "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ года или 5 (пять) лет до "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ года или бессрочно)

Данное регистрационное удостоверение не является документом,

подтверждающим качество и безопасность ветеринарных препаратов и кормовых добавок.

(Руководитель) (подпись) (фамилия, имя, отчество (при его наличии) подписывающего)

Место печати

Ветеринариялық препараттарды,  
жемшөп қоспаларын мемлекеттік  
тіркеуді жүргізу қағидаларына  
2-қосымша

**"Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) тіркеу куәлігін беру кезінде – 5 (бес) жұмыс күні ішінде; 2) тіркеу куәлігін қайта ресімдеу кезінде – 5 (бес) жұмыс күні ішінде; 3) тіркеу куәлігінің телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Тіркеу куәлігі, тіркеу куәлігінің телнұсқасы не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.

